

БІЛІМ БЕРУ БАҒДАРЛАМАСЫНЫҢ СИПАТТАМАСЫ

Білім беру бағдарламасының мақсаты: Инновациялық идеяларды жүзеге асырушы интеллектуалды көшбасшыларды даярлау.

1.1. БІЛІМ БЕРУ БАҒДАРЛАМАСЫ ТУРАЛЫ ЖАЛПЫ АҚПАРАТ

| | |
|---|--|
| Білім беру бағдарламасының түрі | ағымдағы |
| Білім беру бағдарламасының атауы | 8D01701- Қазақ тілі мен әдебиеті |
| Білім беру саласы | 8D01 - Педагогикалық ғылымдар |
| Даярлау бағыты | 8D017 - Тілдер және әдебиет бойынша педагогтарды даярлау |
| Білім беру бағдарламасының тобы | D017 - Қазақ тілі мен әдебиетінің педагогтерін даярлау |
| Білім беру қызметін жүргізуге берілген лицензия №KZ75LAA00018542, «04» тамыз 2020 ж. | Білім беру бағдарламасы 8D01701- Қазақ тілі мен әдебиеті бағыты бойынша Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігі Білім және ғылым саласында сапаны қамтамасыз ету комитетімен «04» тамыз 2020 ж. берілген №KZ75LAA00018542 лицензия негізінде іске асырылады. |
| ҰБШ бойынша деңгейі | Докторантура, деңгей 8 |
| Берілетін дәреже | 8D01701 «Қазақ тілі мен әдебиеті» білім беру бағдарламасы бойынша философия докторы (PhD) |
| Білім беру бағдарламасын аккредиттеу | АРТА, 24.05.2019 ж.-23.05.2026 ж. куәлік №АВ 2456 |
| Білім беру бағдарламасының рейтингі | <i>Атамекен:</i> 2021 ж. – 10-ның ішінен 1 орын; 2022 ж. – 4-тің ішінен 3 орын; 2023 ж. – 10-ның ішінен 9 орын <i>БСҚТА:</i> 2 орын |
| Жалпы академиялық кредит саны | 180 |
| Оқу мерзімі | 3жыл |

1.2. УНИВЕРСИТЕТ БАҒДАРЫ, МИССИЯСЫ, БАҒДАРЛАМАЛЫҚ МАҚСАТЫ, ҚҰНДЫЛЫҚТАРЫ, ТҮЛЕК АТТРИБУТТАРЫ

Бағдары:

Тез өзгертін әлемде басқаруға қабілетті педагогтарды дамытатын зияткерлік платформа.

Миссиясы:

Білім беру саласында еліміздің және әлемнің игілігі үшін озық білім мен құндылықтарды жасай, дамыта және тарата алатын көшбасшы ұстаздарды қалыптастыру.

Бағдарламалық мақсаты:

Университет Орталық Азиядағы білім саласындағы оқытудың, оқудың және зерттеудің инновациялық әдістерінің, сондай-ақ ауыл мектептеріндегі білім беруді дамытудың хабына айналу мақсат етеді.

Құндылықтары:

Толық адам тұлғасы, өз ісіне адалдық және қоршаған әлемге деген сүйіспеншілік.

Университет түлегінің атрибуттары:

- Өз бетімен білім алып, өз тәжірибесінде рефлексия жасап, оны зерттей алады.
- Моральдық-этикалық құндылықтарға ие және жауапкершілігі мол тұлғалар.
- Терең пәндік, цифрлық құзыреті және кең интеллектуалдық көзқарасы бар кәсіби мамандар.
- Шығармашыл және сыни тұрғыдан ойлана алатын, топта жұмыс істеу және коммуникативтілік дағдылары жоғары дәрежеде.
- Тез өзгертін жағдайларға бейімделе алатын, оқу мен оқытудағы көшбасшылар.

- Әр түрлілікті құрметтейтін, инклюзивті және қоғамдағы теңдік үшін күресе білетін тұлға

1.3. БІЛІМ БЕРУ БАҒДАРЛАМАСЫНЫҢ НЕГІЗДЕМЕСІ

Білім беру бағдарламасының өзектілігі. Әлем жаһандық сын-тегеуріндер кезеңінде, технологиялық жетістіктер мен инновациялардың қарқынды дамуы тұсында өмір сүруде. Жаһандық жаңа даму жағдайында білім және ғылым өзгерістердің алдыңғы қатарында тұруы тиіс. Әлемнің жетекші экономикалары жоғары деңгейдегі адам капиталы есебінен ғана гүлденуге қол жеткізуде. Оған жаңа білім беру стратегиялары мен саясаты ықпал етеді.

2016-2019 жылдарына арналған білім беруді дамыту мемлекеттік бағдарламасы бойынша еліміздегі педагог кадрларды кәсіби дамытудың жаңа тетіктері енгізілді. Негізгі аспект педагогтің зерттеу қызметі болуда.

Қазақстандық білім беру мен ғылым жүйесін жаңғыртудың қазіргі заманғы кезеңі педагог кадрлардың жаңа кәсіби дағдыларды алу, зерттеу және шығармашылық құзыреттерін дамыту мүмкіндіктерін көздейді. Осы ретте отандық және әлемдік әлеуметтік-гуманитарлық ғылым жетістіктерінің парадигмасында қазақ тілі мен әдебиетінің теориялық мәселелері мен оны оқытуға арналған өзекті ғылыми, тәжірибелік мәселелерді өз бетімен жүргізіп, шеше алатын педагог мамандарын даярлау өзекті болып табылады.

Білім беру бағдарламасы қазіргі әдебиеттану, тіл, педагогика мәселелері бойынша жүйелі білімі мен сыни көзқарасы қалыптасқан, белгілі бір саладағы мәселелерге кәсіби және жан-жақты талдау жүргізетін, ғылыми жобалар мен зерттеулерге сараптама жүргізе алатын педагогикалық кадрларды даярлау қажеттілігімен негізделген.

Нарықтағы сұранысы. Қазіргі тарихи-мәдени және экономикалық үдерістердің даму тенденциялары контекстінде қазақ тілін және көркем әдебиет шығармаларын зерттеу, түсіндіру және сараптаудың өзіндік стратегиясын әзірлеу басым бағыттардың бірі болмақ. Осы орайда қазақ тілі мен әдебиетін оқыту нәтижесіндегі жаңа идеяларды, әдістер мен тәсілдерді отандық және әлемдік нарықта жүзеге асыруға деген көзқарастарды сыни талдап, бағалай, синтездей алатын, өзін-өзі реттеуге, кәсіби қызметтің түрі мен сипатын икемді өзгертуге қабілетті, әлеуметтік және кәсіби бейімделудің жоғары дәрежесі бар бәсекеге қабілетті тұлға даярлау өзекті болып табылады.

1.4. БІЛІМ БЕРУ БАҒДАРЛАМАСЫНЫҢ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ

| Ерекшелігі | Қысқаша сипаттамасы | |
|--|---|-------------------------|
| | А траекториясы (Әдебиет) | В траекториясы (Тіл) |
| <i>Қосдипломды /Бірлескен білім беру бағдарламасы (ҚБББ)(ББББ)</i> | - | - |
| <i>Академиялықұтқырлық</i> | БББ аясында кафедра Нийде университетімен (Түркия) №... 23.01.2018, Мугла университетімен (Түркия) №... 23.05.2016 белсенді қарым-қатынас орнатқан. | |
| <i>Стипендиялық бағдарламалар</i> | - | - |
| <i>«Атауы» Minor бағдарламасы</i> | - | - |
| <i>Бағдарламаның басқа да бірегей сипаттары</i> | - | - |

Алыс және жақын шетелдердің жетекші жоғары оқу орындарының білім беру бағдарламасымен сәйкестігі

Варшава университетімен сәйкестігі (Польша) – 30 %

Лейден университетімен сәйкестік (Нидерланды) – 40 %

Вена университеті сәйкестік (Австрия) – 30%

Ресей Халықтар достығы университетімен сәйкестік – 40 % ды құрайды.

1.5. БАҒЫТ ӘЛЕУЕТІ ЖӘНЕ ТҮЛЕКТИҢ ҚЫЗМЕТ АТҚАРАТЫН ОРЫНДАРЫ

«8В017 тілдер және әдебиет бойынша мұғалімдер дайындау» білім беру бағдарламасы бойынша философия докторы (PhD) кәсіби қызметтің келесі түрлерін орындай алады:

- *Білім беру (педагогикалық) қызметі:* жоғары оқу орындары, орта мектептер (оның ішінде гимназиялар, лицейлер), орта кәсіптік оқу орындары (колледждер, училищелер), басқару органдары, мемлекеттік және мемлекеттік емес бейіндегі ұйымдар, мекемелер.

- *Ғылыми-зерттеу қызметі:* тіл білімі мен әдебиеттанудың қазіргі жағдайы мен тарихи дамуы тұрғысынан зерттеу.

- *Әдеби-шығармашылық қызмет:* әдеби, мәдени мекемелерде, баспа орындарында, құжаттар тілін жүргізу, БАҚ-тағы қызмет.

- *Ұйымдастыру-басқарушылық қызмет:* педагогикалық-ұйымдастыру; әкімшілік-басқару; мәдени-ұйымдастыру кәсіби саласы болып табылады.

Жұмысқа орналасу мүмкіндіктері:

Философия докторы (PhD) Қазақстанның, басқа шет елдердің жоғары оқу орындарына, ғылыми-зерттеу институттары мен білім беру мекемелеріне, ғылыми және қоғамдық ұйымдарына жұмысқа орналасу мүмкіндігіне ие. Кәсіби қызметінің өрісіне жалпы білім беретін орта мектептерде, лицей, гимназияларда білім беру, баспа ісі, бұқаралық-ақпарат құралдары, білім беру саласындағы әкімшілік қызметтер (орта және арнаулы орта) салалары жатады.

Бітірушілердің кәсіптік қызмет объектісіне жалпы білім беретін мектептер, лицей, гимназия, колледж, ғылыми-зерттеу орындары, газет, журналдардың редакциялары, радио мен телевидение және баспа орындары жатады.

Шығармашылық креативтілігі бар, бір аспектен екіншіге жеңіл ауыса алатын, соны идеяларды ұсынуға қабілетті, белсенді өмірлік ұстамы бар, өзгелерге зиянын тигізбейтін топта көшбасшылық ұстанымы бар, топта жұмыс істей алатын, өзіндік көзқарасы бар және оны қорғай алатын, жаңа шешімдер ұсынып, түрлі әлеуметтік жағдайлардан шешім табатын дағдысы бар.

1.6. КӘСІБИ ҚҰЗЫРЕТТІЛІКТЕР САЛАЛАРЫ

1 кәсіби құзыреттілік саласы

- қазақ аудиториясында қазақ тілі мен әдебиетін оқыту саласында педагогикалық, ғылыми, басқарушылық қызметті жүзеге асыру үшін іргелі және қолданбалы білімді меңгеру.

2 кәсіби құзыреттілік саласы

- жалпы білім беретін және мамандандырылған орта мектептерде, лицейлерде, колледждерде, гимназияларда, жоғары оқу орындарында, зерттеу орталықтарында, ғылым саласында, білім департаменттерінде, мұғалімдердің біліктілігін арттыру мекемелерінде сабақ жүргізе білу.

3 кәсіби құзыреттілік саласы

- қазақ тілі мен әдебиеті бойынша білім алушыларды тәрбиелеу мен оқытудың әртүрлі формалары мен әдістерін қолдану.

4 кәсіби құзыреттілік саласы

- оқу үдерісін, қазақ тілі мен әдебиеті курстарының мазмұнын жоспарлау, материалды, әдістерді, мазмұнды іс-әрекеттің құралдарын таңдау және даму ортасын ұйымдастыру.

5 кәсіби құзыреттілік саласы

- әртүрлі ғылыми және ғылыми-өндірістік мекемелерде бейіндік пәндер бойынша ғылыми зерттеулерді орындау.

1.7. БІЛІМ БЕРУ БАҒДАРЛАМАСЫНЫҢ ОҚЫТУ НӘТИЖЕЛЕРІ

ОН 1 –Академиялық хат жанрларының ерекшеліктерін терең түсінеді, ғылыми стиль, дағдыларын меңгереді.

ОН 2 – Кәсіби қызметте ғылыми зерттеу технологияларын қолданады.

ОН 3 – Әдебиеттану мен лингвистиканың әдіснамалық мәселелерін, қазіргі заманғы теорияларын, концепцияларын түсініп, әдеби туындыларды әдеби-лингвистикалық талдау мен сараптауды меңгереді.

ОН 4 - Әлемдік әдебиет теориясының жетістіктері, тың теориялық заманауи бағыттары мен ғылыми парадигмалары аясында дербес ізденіп, зерттеу жүргізе алады.

ОН 5 - Тіл заңдылықтары мен әдеби туындылардың көркемдік әлемін, өнер туындыларын зерделеудің тәсілдерін сыни талдап, қазіргі тарихи-мәдени және әдеби үдерістердің даму заңдылықтарын айқындайды.

БББ оқыту нәтижелерін Түлек атрибуттарымен салыстыру матрицасы

| | ОН 1 | ОН 2 | ОН 3 | ОН 4 | ОН 5 |
|-------------|-----------------|-----------------|-----------------|-----------------|-----------------|
| ТА1 | + | | + | | |
| ТА 2 | | | | | |
| ТА 3 | | + | + | | + |
| ТА 4 | | + | | | |
| ТА 5 | | | | + | + |
| ТА 6 | | | + | | + |

1.8. НОРМАТИВТІК СІЛТЕМЕЛЕР

Білім беру бағдарламасы келесі нормативтік-құқықтық актілер негізінде әзірленген:

1) Жоғары оқу орнынан кейінгі білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарты. Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрінің 2022 жылғы 20 шілдедегі №2 бұйрығы.

2) «Педагог» кәсіптік стандарты. Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрілігінің м.а. 2022 жылғы 15 желтоқсандағы №500 бұйрығы.